

SOME PROBLEMS IN DELIVERING GRAIN REGULARLY IN HORIZONTAL CHAMBER OF COMBINE HARVESTERS

The author offers to solve main problems of grain production in the article, because its one of main tasks of agriculture. To solve these problems well is closely connected with the technical quality of combine harvesters. Therefore, there are some problems in delivering grain regularly in horizontal chamber of combine harvesters . And also we need to improve the infeed conveyor belt in horizontal chamber of combine harvesters and to cut down grain loss in harvest season.

Key words: wavelike arrangement, grain-crops, harvest, infeed conveyor belt, baffle, grain grinder.

ӘОЖ 004.738.52

Уйпалакова Д.М., Ордабаева Г.К.

(Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

САЙТТАР КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Андатпа

Сайттарды қолдану Қазақстанның жаңашыл білім жүйесіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Мақалада сайттар калассификациясына талдаулар жасалған.

Кілт сөздер: сайт, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, біртұтас ақпараттық-танымдық кеңістік, сервис, портал.

Кіріспе

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Оқу үрдісінде білім беру сайттарын пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Оқу орнының Интернет желісіндегі сайты – салыстырмалы түрде педагогикалық негіздерін дайындауды керек ететін жаңа білімдік құрал.

Сайттарды жасау ақпараттың логикалық реттелуіне ықпалын тигізеді. Соның ішінде, білім беру сайттарын жасаудың негізгі мақсаты - бірыңғай білім беру ақпараттық кеңістігінде білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру болып табылады. Бұл жүйені жасау барысында білім беру сапасын арттыруға көптеген мүмкіндіктер туады.

Негізгі бөлім

Сайттарды қолдану Қазақстанның жаңашыл білім жүйесіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Білім беретін сайттар білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) үшін тиімді құрал болса, әсіресе біртұтас ақпараттық-танымдық кеңістікте (БАТК) олардың рөлі арта түседі.

Біртұтас ақпараттың білім беру кеңістігінің (БАББК) пайда болуы – ақпараттық мәдениетті, ақпаратты жіберу мен өңдеуде АКТ-ны қолдана білуде, себебі АКТ кез-келген қызмет құрылымын өзгертіп қана қоймай, жаңа ынтымақтасқан қызмет түрлерінің туындауына алып келеді.

Біртұтас ақпараттың білім беру кеңістігіне өтудің себептері мен қажеттілігі:

- 1) Білім беру процесінде АКТ-ның кең қолданылуы;
- 2) Компьютер негізінде білім беру қажеттілігінің туындауы;
- 3) Қажетті білім беретін ақпаратты тез әрі сапалы ұсыну;
- 4) Білім алушылар арасында өзара қарым-қатынастың тез орындалуын қамтамасыз ету.

«Білім беру веб-сайты» ұғымы өзіне «білім» және «веб-сайт» деген екі терминді қамтиды.

Білім беру сайтына мынадай анықтама беруімізге болады: «Білім беру Веб сайты (ББВС) қайталама үлгімен жасалынған Web беттердің қолжетімділігі, қоғам, мемлекет, тұлға қызығушылығын қанағаттандыратын ортақ мақсаттағы оқыту мен тәрбиелеу процесін қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгілі бір мазмұнға біріктірілген, білім алушылардың аттестациялауға немесе білім деңгейлеріне қол жеткізу мүмкіндігімен қатар жүретін, ортақ біртұтас серверде топтастырылуын айтамыз».

Сайттар классификациясын қарастырайық. Олардың топталуы:

А) Сервис қолжетімділігіне байланысты:

- Ашық–барлық сервистер барлық қолданушылар мен сайтқа енушілер үшін қолжетімді.

- Жартылай ашық – ену үшін алдымен тіркелу қажетті (әдетте ақысыз).

- Жабық–ұйымдардың (корпоративті сайттар) қызметтік және жеке тұлғалардың толықтай жабық сайттары. Мұндай сайттар санаулы қолданушыларға ғана арналған. Жаңа қолданушылар үшін инвайттар (шақырулар) арқылы ғана жүргізіледі.

Б) Физикалық орналасуына байланысты:

- Интернет желісінде жалпыға қолжетімді сайттар;

- Интернет портал – көп компонентті дамытылған құрылым (портал), жекелеген ұйымдардың жетілдірілген функцияларынан құралған сайттар.

Ақпараттық ресурстар:

- Тақырыптық сайт – қандай да бір тақырып бойынша шағын тақырыптық спецификациялық ақпаратты ұсынатын сайт.

- Тақырыптық портал – анықталған тематика бойынша ақпаратты ұсынатын өте үлкен веб-ресурс.

Порталдар тематикалық сайттарға өте ұқсас, сондай-ақ құрамында қолданушылармен іс-әрекет жүргізетін қосымша құралдары бар және портал аясында ғана (форумдар, чаттар) қарым-қатынас жасай алады.

«Сайт» және «портал» ұғымдарын синонимдік мағынада жиі естуге болады, алайда ол екеуінің мағынасы да атқарар қызметі де екі түрлі. Сайт та, портал да бір ғана доменмен біріктірілген Интернеттегі беттердің жиынтығын ұсынады. Портал - сайттың бір түрі. Қарапайым сайт түрлерінен порталдың басты ерекшелігі - оның функционалдығында. Портал құрамына жаңалықтар, блогтар, таныстырулар мен магазин және галереялар бір мезетте ене алады. Құрамында ондаған және одан да көп сервистерден құралған сайтты портал деп атауға болады [1].

Ғылыми әдебиет көздерін талдау негізінде білім сайтын жасау кезінде білім сайтының құрылымына қойылатын келесі талаптарды анықтадық:

1) Сайттың құрылымы түсінікті, логикалық, пайдаланушыларға ыңғайлы болуы тиіс.

2) Сайттың құрылымы:

- ақпараттық;
- коммуникациялық;
- персоналдық;
- навигациялық;
- статистикалық;
- лингвистикалық сервистерді қамтуы тиіс.

3) Сайт құрылымының сипаттамасы:

- білім сайтының құрылымдық моделін;
- сайт құрылымының мәтіндік сипаттамасы;
- сайт картасын қамтуы тиіс.

Білім беру сайттарын функционалдық элементтерінің міндеттеріне қарай техникалық тапсырмаларды ескере отырып былайша жасалады:

- Ақпараттық сервистер. Оларға жоғары оқу орындарының визиткасы, бөлімшелер, профессор-оқытушылар құрамы, ресми құжаттар, талапкерлерге арналған ақпарат, ғылыми қызмет, кітапхана, білім ресурстары, қашықтан оқыту туралы ақпарат, халықаралық қызмет, жаңалық лентасы және хабарламалар, пайдалы сілтемелер, жарияланымдар, т.б. (мұражай, мәдениет үйі, спорт, шығармашылық, ауа-райы);

- Коммуникативтік сервистер – форум, чат, дербес беттер, сауалнамалар, қонақ кітабы;

- Персоналдандыру сервистері - пайдаланушыны тіркеу, web беттердің редакторы, ақпаратты авторлық редакциялау мүмкіндігі;

- Навигациялық сервистер – іздеу жүйесі, сайт картасы;

- Статистикалық сервистер – сайттың әр түрлі бөлімдеріне статистиканың шығу құралдары;

- Лингвистикалық сервистер – ағылшын, немісше сайт нұсқасы.

Желілік курстың мазмұны төмендегі негізгі принциптер бойынша дайындалуы тиіс:

Ғылымдылық принципі: білім сайтын жасауға қойылатын негізгі психологиялық-педагогикалық талаптардың бірі, ол оқу материалдары мазмұнының спецификациясын есепке алумен түсіндіріледі. Мазмұны ғылыми білімнің қазіргі жағдайын нақты көрсетуі тиіс. Ғылымдылық принципі виртуалдық модельдердің табиғи прототиптерге сәйкестігінің сақталуын талап етеді.

Көрнекілік принципі- мазмұнын көрнекі көрсету үшін білім сайтында мультимедиа құралдарының мүмкіндіктерін барынша көп пайдалану.

Дидактикалық мақсаттылық принципі - ақпаратты ұсыну формасы, оқу материалының мазмұны және компьютерді пайдалана отырып оны зерттеудің дидактикалық міндеттері мен тәсілдерінің арасында сәйкестік болу керек.

Желілік курстың әрбір жекелеген модулі аяқталған, бірегей болуы тиіс. Ұғымдар жүйесін тарау ішіндегі жекелеген бөліктерге бөлуге болмайды, ол оқушылардың білімді меңгерудегі жүйесіздігіне, оқу материалын меңгеруде логиканың болмауына, күрделі ұғымдардың дамуының тұтастығының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Білімді біріктіру және саралау принципі, ғылыми жаратылыстың мазмұнының жалпы ғылыми ұғымдар жүйесі мен басқа курстардың мазмұны мен байланысын қарастырады. Желілік курс мазмұны пәнаралық байланыстың орнығуын қарастыруы тиіс.

Дәлелділік принципі қызығушылықты арттыруға ықпал ететін әр түрлі инновациялық ресурстарды, оқылатын пән және таңдалған мамандыққа мотивті арттыруды қарастырады. Кәсіби бағыттылық принципі бітіртетін кафедраның маманды арнайы, жалпы кәсіби және ақпараттық даярлау бойынша желілік курстың стратегиясын жасауды қарастырады.

Ақпаратты ұсынудың интерактивтік принципі ғылыми жаратылыс пәндерін оқытуда, әсіресе, ақпаратты визуалды ұсыну және интерактивтік жоғары деңгейіне тән процестер, құбылыстар мен заңдылықтарды компьютерлік моделдеудің маңызы зор.

Мультимедиялық принципін іске асырудың маңызы зор, өйткені оқушылардың шаршауын азайтуға (іс-әрекетті бір анализатордан ақпаратты екіншісіне ауыстыру арқылы), оқушыға мәтіннен бір мезгіл демалта отырып, оның көру қабілетіне де оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Виртуалдандыру принципі табиғи ортада оқушылардың қатысу эффектісін мультимедиа құралдарын пайдалану кезінде жүзеге асыруды қарастырады [2].

Қорытынды

Қорыта келе, сайттарды ұйымдастыру көп еңбектенуді, ақпараттың нақты, сапалы болғанын қадағалауды қажет етеді. Сайт құрылымының өзіндік моделі, мәтіндік сипаттамасы және сайт картасын қамтуы тиіс. Әрбір сайт функционалдық элементтерінің міндеттеріне қарай техникалық тапсырмаларды ескере отырып жасалады.

Әдебиеттер

1. Калиева Э., Ибрагимова Н. Ақпараттық порталдың сайттан айырмашылығы (ерекшеліктері мен артықшылықтары) // «Қазақстан қоғамының даму тенденциялары: әлеуметтік саяси инновациялық аспектілері» атты республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары, -Қызылорда, 2011ж. 380-385 б.

2. Калиева Э., Ақзуллақызы Л., Сұлтанова Т. Ақпараттық технология көздері - маман даярлаудың кепілі // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне 75 жыл, Қызылорда, 2012 ж.

Уйпалакова Д.М., Ордабаева Г.К.

КЛАССИФИКАЦИЯ САЙТОВ

Основная цель составления сайтов – организация и реализация информации пространстве. В данной статье рассматриваются классификация и технические задание сайтов.

Ключевые слова: сайт, информационные-коммуникационные технологии, единое информационное пространство, сервис, портал.

Uypalakova D., Ordabayeva G

CLASSIFICATION OF SITES

The main purpose of making websites - organization and implementation of the information space. This article discusses the classification and technical job sites.

Keywords: site, information of communication technologies, common information space, portal, service.

ӘОЖ 656.021

Үмбеталиев Н.А., Қыдралиева И.А.

(Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

ЛОГИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ

Андатпа

Мақалада логистикалық жүйені жүк тасымалдауда тиімді қолдану, логистикада ақпараттық және материалдық ағымдарды жүйелі пайдалану келтірілген. Материалды ағымдарды басқару бойынша дәлелді шешімдер қабылдау, сұранысты болжамдау және соның негізінде қорларды жоспарлау жолдары қарастырылған.

Логистиканың өзектілігі және оны зерттеуге деген қызығушылықтың артуы логистикалық әдісті қолдануды ашатын материал өткізуші жүйелердің тиімді қызмет етуін жоғарылататын потенциалды мүмкіндіктерімен түсіндіріледі. Логистика шикізат